

**«Қазақстан Республикасының Агроөнеркәсіп кешенін дамыту мәселелері» тақырыбына арналған парламенттік тыңдау
ҰСЫНЫМДАРЫ**

Қазақстан Республикасының Агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі міндеттерге сүйене отырып және Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Д.Н. Назарбаеваның аграрлық одақтар мен ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер өкілдерімен кездесуі барысында айтылған ұсыныстары негізінде Парламенттік тыңдауға қатысушылар **ҰСЫНЫМ ЖАСАЙДЫ:**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1. Келесі кезеңге нақты индикаторлар мен көрсеткіштер, қол жеткізілетін нәтижелер және мемлекеттік қолдау тетіктері көрсетіліп, қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілген Қазақстан Республикасының Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламасын әзірлесін, сондай-ақ оған заң мәртебесін беру мүмкіндіктері пысықталсын.

2. АӨК-ке субсидия, жеңілдікті кредит беру және мемлекеттік қолдаудың басқа да шараларын қабылдау жөніндегі нормативтік құқықтық актілер қолданысының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында АӨК-тегі жобалардың іске асырылуы басталған кезде әрекет еткен инвесторлар үшін жасалған жағдайды сақтап қалу бойынша, жобалар іске асырылатын бүкіл кезеңге арналған мемлекеттік саясаттың сабақтастығын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдасын.

3. АӨК субъектілеріне салық салудың ұзақ мерзімді үлгісін:

- салықтарды ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің ауданына қарай есептеу;
- заңды тұлғалар, ауыл шаруашылығы кооперативтері, шаруа және фермер қожалықтары арасында салық салудың сараланған тәсілін қолдану;
- салықтық есептілік пен есепке алуды жеңілдету қағидаттарында әзірлесін.

4. Мынадай:

• АӨК-тегі инвестициялық жобаларды іске асыру және техника мен жабдықты жаңалау үшін қайтарымды негізде 10 жылға дейінгі уақытқа бюджеттен ұзақ мерзімді кредит беруді қоса алғанда, кредиттік ресурстардың қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша;

• сүт өнімдерінің, құс етінің, алманың, қанттың және т.б. импортын алмастыру шеңберіндегі инвестициялық өңірлік жобаларды іске асыру үшін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды тартуды пысықтау бойынша;

• уәкілетті органдар мен өзге де ұйымдар арасындағы ауыл шаруашылығы өнімін және өңделген өнімді экспортқа ілгерілету саласындағы үйлестіру жұмысы мен өзара іс-қимылды күшейту бойынша;

- қаржылық қолдаудың тиімді шараларын – жеңілдікті кредит

беруді немесе инвестициялық субсидиялауды қарастырып, отандық ауыл шаруашылығы машиналарын жасау ісін жер жыртуға, топырақты өңдеуге, егін себуге және шөп шабуға арналған қарапайым жабдық пен техникадан бастап неғұрлым күрделі технологиялық процестерге ауыса отырып кезең-кезеңмен дамыту бойынша;

- еркін сауда туралы келісімнің болмауы жағдайында кедендік баждарды төмендету бойынша;

- ұзақ мерзімді кезеңде үлкен мультипликативтік экономикалық және әлеуметтік әсері болатын жобаларды қаржыландырудың түпкілікті пайыздық мөлшерлемесін ЕАЭО-дағы бәсекелестік мөлшерлемеге дейін төмендету бойынша *(ЕАЭО елдерінде қолданылатын мемлекеттік қолдау шараларына ұқсас шараларды қолдана отырып, ҚР бизнесін дамыту үшін бірыңғай жағдай жасау)*;

- кооперация мүшелерінің мүдделерін қорғау мәселелерін, оның ішінде олардың кооперация құрамынан өз пайымен шығуы мүмкіндіктерін заңнамалық тұрғыдан реттеуді қарастырып, жеке қосалқы шаруашылықтарды одан әрі дамыту және қаржылық тұрғыдан қолдау, ұсақ фермерлік және шаруа қожалықтарын кооперативтерге тартуды жандандыру (ынталандыру) (кооперативтерді 5 жылға салық салудан, оның ішінде КТС-дан, ҚҚС-дан, жер, мүлік және көлік салығынан босату) бойынша;

- жерлерді пайдалануға және күзетуге тиімді мемлекеттік бақылау, жерлерге мониторинг ұйымдастыру бойынша;

- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде уақытша ақылы жер пайдалану (жалдау) құқығын нарықтық айналымға тарту бойынша;

- ауыл шаруашылығы мақсатындағы бос жер учаскелері туралы, оның ішінде жариялы кадастрлық картаны әзірлеу ақпаратына қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша;

- импорттаушы елдерге қатысты ұқсас шараларды қолдану, сондай-ақ олар Қазақстанның ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілеріне және олар әкелетін тауарларға қатысты қатал және заңсыз талаптар қабылдаған жағдайда әкелінетін өнімнің сапасын бақылау шараларын қатаңдату бойынша;

- Қазақстанға құс етінің импортына квотаны азайту, не оларды өңдеуге ғана жеткізу бойынша ДСҰ шеңберінде келіссөздер жүргізу бойынша;

- өнімді үшінші елдерден және ЕАЭҚ мүше-мемлекеттерінен әкелуге шектеулер енгізген кезде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринария комитеті мен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті арасындағы азық-түлік өнімдерін бақылау бөлігіндегі жұмыстарды үйлестіру бойынша;

- жұмыс істеп тұрған барлық инспекцияларды (жер, орман, ветеринария, экологиялық, балық және т.б.) мемлекеттік бақылауды тиімді жүзеге асыру үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етіп, оларды реформалау

бойынша (бүкіл осы инспекцияларды біріктіретін жеке тәуелсіз құрылым құрудың орындылығы туралы мәселе зерделенсін);

- «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КеАҚ-на ұлттық холдинг мәртебесін беру бойынша;

- ауылшаруашылығы ғылымын қаржыландыру деңгейін ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің 0,5%-на дейін немесе 2021 жылы кемінде 25 млрд. теңгеге, соның ішінде бағдарламалық-мақсатты қаржыландыруды кемінде 10 млрд. теңгеге, ғылыми мекемелерді ғылыми аспаптармен және жабдықтармен жарақтандыруды кемінде 10 млрд. теңгеге және базалық қаржыландыруды кемінде 5 млрд. теңгеге жеткізу бойынша;

- аудандық агроколледждер базасында аудандарда ауылдық ақпараттық-консультативтік орталықтар (ААКО) жүйесін қалпына келтіруді, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі мен облыс әкімдіктерінің желісі бойынша АӨК субъектілерін ақпараттық қамтамасыз етуді қаржыландыруды 2020 жылы кемінде 1 млрд. теңгеге, 2021 жылы – кемінде 5 млрд. теңгеге, одан кейінгі жылдары – жылына кемінде 10 млрд. теңгеге жеткізіп, ауыл тұрғындарын шаруашылықты жүргізу дағдыларына оқытудың барлық мемлекеттік құралдарын біріктіруді көздей отырып, ауылда және ауыл шаруашылығында Білімді таратудың ұлттық жүйесін құру бағдарламасын қабылдау бойынша;

- 2021-2023 жылдары конкурстық рәсімдерсіз мемлекеттік тапсырыс бойынша ғылыми аспаптармен және жабдықтармен жарақтандыруды қаржыландыруды қоса алғанда, аграрлық ғылымды бағдарламалық-мақсатты қаржыландыруға көшіру бойынша;

- 2021 жылдан бастап АӨК субъектілерін ақпараттық қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуді мемлекеттік тапсырма нысанында ауылда және ауыл шаруашылығында Білімді таратудың ұлттық жүйесі операторына беру бойынша шаралар қабылдасын.

5. Мыналар:

- жұмысшылардың орташа жылдық саны 1500 адам және (немесе) орташа жылдық табысы 10 000 000 астам АЕК болған жағдайда ірі кәсіпкерлік субъектілердің кәсіпорындарына жатқызу бөлігінде ауыл шаруашылығы саласындағы бизнес субъектілерінің санаттарын анықтау үшін өлшемшарттарды өзгерту бойынша;

- субъектілердің экономиканың стратегиялық маңызды салаларындағы іргелі, қолданбалы зерттеулерді, эксперименттік әзірлемелерді орындауы бөлігінде Квазимемлекеттік сектордың рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізбесін кеңейту бойынша;

- азық-түлік шикізаты мен азық-түлік өнімдерін тасымалдау үшін жылжымалы құрамның (вагондар мен цистерналардың) тозған паркін жаңарту және жиынтықтау бойынша;

- экономиканың стратегиялық маңызды салаларында іргелі, қолданбалы зерттеулерді, эксперименттік жұмыстарды орындайтын субъектілер үшін қызмет түрлерін кеңейту бөлігінде Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізбесін қайта қарау бойынша. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 3-бабы 1-тармағы, 31-тармақшасына ҒЗИ, ЖОО және ТӨШ/АШТС қосымша алып, стратегиялық сипаттағы кәсіпорындарды, табиғи монополия субъектілерін және әлеуметтік бағыттағы кәсіпорындарды ажыратуды нақтылау мәселелерін пысықтасын.

6. Экспортты дамыту және АӨК-ға инвестицияларды тарту мақсатында мыналар:

- Ресейдегі ҚР-дың сауда өкілдігіне ұқсастық бойынша нысаналы нарықтарда сауда өкілдіктерін ашу. Шетелде мемлекеттік мекемелерді ашуға кететін уақыт пен жұмсалатын бюджет қаражатын ескере отырып, бірқатар елдерге (экспорттық қызығушылықтарға байланысты) ҚР СІМ-нің шетелдік мекемелеріне нақты КРІ-ды белгілей отырып, экспорт бойынша Елшінің кеңесшісі ретінде экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның қызметкерлерін уақытша іссапармен жіберу мүмкіндігін қарастыру, сондай-ақ экспортты мемлекеттік қолдау тетіктерін әзірлеу;

- ең кемінде 10 жыл мерзімге арнайы келісімшарт жасасу арқылы мемлекеттік қолдауға кепілдік беру, шикізатты жеткізуге негізгі инвесторлармен бірге жасасқан шарттары бар фермерлерге арнайы келісімшарт жасасу құқығын ұсыну бойынша фермерлер мен инвесторларды қолдау тәсілдері мен тетіктерін өзгерту;

- инвесторлардың Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешеніне кіруі үшін ынталандырудың айрықша шаралар пакетін әзірлеу;

- мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындарға арналған қажетті өнеркәсіптік және инженерлік инфрақұрылымды жүргізу мәселелерінде жергілікті атқару органдарының тарапынан негізсіз бюрократиялық кедергілерді жою;

- МЖК қағидаты бойынша инвесторлардың қатысуымен кәсіпорындарға инфрақұрылымды тарту, мысалы, Бизнесің жол картасы немесе басқа бағдарламалар шеңберінде олардың шығындарын кейіннен өтеу;

- BRK және АКК сияқты жұмыс істеп тұрған қаржы институттарының базасында жарғылық капиталды толықтыруға бюджет қаражатын бөлу шартымен ТҰК-тің қатысуымен ірі жобаларды кредиттеу үшін жобалық қаржыландыру тетіктерін енгізу;

- «Продкорпорация» АҚ-на мемлекет атынан келісімшарттарды жасасу және кейіннен тапсырысты отандық тауар өндірушілер бойынша бөлу, «Продкорпорация» арқылы кейіннен экспортқа жіберу үшін кіші және орта тауар өндірушілердің астық көлемін шоғырландыру арқылы ірі экспорттық партияларды қалыптастыру құқығын беру бойынша шараларды қарастырсын және қабылдасын.

7. Астықтың мемлекеттік қорын құру жөніндегі мәселелерді реттеу мақсатында:

- «астықтың резервті қоры», «ұлттық оператор» ұғымдарын енгізу және осымен байланысты басқа нормаларды енгізу бөлігінде «Астық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу;
- «Продкорпорация» АҚ-сын астықтың резервті қорын қолдау жөніндегі мемлекеттік тапсырманы орындауға жауапты ретінде қосу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаулысына өзгерістер енгізу;
- республикалық бюджеттен астықтың резервті қорын сақтауға жыл сайынғы сомаларды бөлу;
- астықтың мемлекет тарапынан сандық-сапалық жағдайын дұрыс бақылау және астық қорын, әсіресе мемлекеттік қорды ұрлау және жаппай сату фактілерінің алдын алу үшін астық қабылдау кәсіпорындарын тексерілетін субъектілердің (тексерістерді өткізудің ерекше тәртібі) бірінші санатына жатқызу бөлігінде Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне өзгерістер енгізу;
- «Астық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына астық қабылдау кәсіпорындарын тіркеуге тек қана толық серіктестік нысанындағы талаптарды енгізу бөлігінде өзгерістер енгізу мәселелерін қарастырсын, бұл алыс-беріс астық ұрланған немесе бүлінген жағдайда заңды тұлғалар-астық қабылдау кәсіпорындарының құрылтайшыларын толық жауаптылыққа тартуға мүмкіндік береді;
- астық қолхаттарын шығара отырып қойма қызметі бойынша көрсетілетін қызметті лицензиялау кезінде астық қабылдау кәсіпорындарына астықты қабылдау және жөнелту есебінің процесін міндетті түрде автоматтандыру бөлігінде электрондық астық қолхаттары жүйесімен шоғырландыруға астық қабылдау кәсіпорындарына қойылатын біліктілік талаптарын күшейту;
- «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-сының жалпы сомасы 67 млрд. теңгеге «ҚазАгро» Холдингі» АҚ-сынан және «Продкорпорация ҰК» АҚ-сынан «Алиби» КТ-ның проблемалық кредиттерін/активтерін номинал бойынша сатып алу («ҚазАгро» Холдингі» АҚ-сы – 49 млрд. теңге, «Продкорпорация ҰК» АҚ-сы – 18 млрд. теңге) мәселелерін қарастырсын.

8. Ветеринария саласында:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаулысын қабылдай отырып, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің дәрілік заттарды сатып алуы сияқты үш жыл мерзімге ветеринариялық препараттарды мемлекеттік сатып алуды ендіру;
- Ветеринариялық бақылау (қадағалау) және тамақ қауіпсіздігі комитетін құра отырып, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінде ТР талаптарына сәйкестігіне тамақ өнімдерінің сапасын бақылау функцияларын шоғырландыратын, «фермадан дастарқанға» қағидаты бойынша тамақ қауіпсіздігін қаматамасыз етудің бірыңғай жүйесін құру;

- ҚазВЗҒЗИ-де өндіріс үшін тәжірибелік өндіріс желісін орната отырып, **GMP** талаптарына жауап беретін, елдің биологиялық қауіпсіздігі үшін стратегиялық маңызы бар аса қауіпті ауруларға қарсы препараттар шығаратын мемлекеттік биомбинат құру;
- қолданыстағы ветеринариялық-диагностикалық зертханаларды **GLP** стандарттарына сәйкес болу мақсатында жаңғырту;
- республиканың барлық өңірлерінде, әсіресе басқа мемлекеттермен шектесетін аудандарда эпизоотиялық жағдайға жыл сайын ғылыми-негіздемелік мониторинг жүргізуді жүзеге асыру;
- ғылыми зерттеулерді, бірінші кезекте жануарлардың аса қауіпті, зооантропониялық, эмерджентті және аз зерттелген аурулары бойынша толыққанды қаржыландыру;
- жоғары оқу орындары мен ғылыми институттардың базасында эпизоотология, зертханалық диагностика саласындағы ветеринариялық мамандардың біліктілігін арттыру, қолданылатын биопрепараттардың сапасын анықтау практикасын ендіру;
- ветеринариялық іс-шаралар өткізу кезінде манипуляцияға бірыңғай баға тізімдерін республикалық деңгейде бекіту;
- азаматтық қызметші болып табылмайтын ветеринария дәрігерлерінің мәртебесін айқындау, жергілікті бюджет есебінен жалақыны ұлғайту;
- «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы шеңберінде елді мекендерде ветеринарлық станциялар мен пункттердің нормативтік талаптарын және үлгілік жобаларын әзірлеу мүмкіндіктерін қарастырсын.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі:

1. Мынадай:

- ҚР ҰЭМ-нің 2018 жылғы 21 ақпандағы № 67 бұйрығына қосымша құн салығын есепке алу әдісімен төленетін Импортталатын тауарлар тізбесіне және ВЭД 0105 номенклатурасы бар асыл тұқымды тәуліктік балапандарды қалыптастыру қағидасына енгізу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- статистикалық мәліметтердің дұрыстығын жақсарту: АӨК өнімдерінің экспорты бойынша; ауыл шаруашылығы жануарларының саны бойынша, дәнді және басқа дақылдардың көлемі бойынша мәселелерді қарастырсын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен және Қаржы министрлігімен бірлесіп:

- жалпы өнім өндіру көлемін негізге ала отырып, АӨК салалары үшін облыстар бойынша жалпы сипаттағы трансферттерді бөлу әдістемесіне өзгерістер енгізу;
- ҚДБ мөлшерлемелерін ЕАЭО елдеріндегі АӨК бойынша ұқсас жобалардың мөлшерлемелерінің деңгейіне сәйкес келтіру;

- сатып алынатын жабдықтың бір бөлігін өтеу бағдарламасын автоматтандыру (кемінде 30 %) *(өнімді жеткізуге келісімшарт жасалған жағдайда автоматты түрде субсидиялау, бюджетте қаражат болмаған жағдайда субсидияның төленетінін кепілдендіретін күту парағын ұйымдастыру; пайыздық мөлшерлемені субсидиялау – ол субсидиялауға өтінім мақұлданған күннен бастап емес, қарызға шарт жасалған күннен басталуы тиіс және тиісінше қарыздың барлық кезеңінде қолданылуы тиіс)* мүмкіндіктерін зерделесін және қарастырсын.

- қайта өңдеу ісіне және АӨК-ке инвестицияларды тарту мақсатында сараланған ҚҚС ендіру (ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге – 5 пайыз, өнімді қайта өңдеушіге – 8-10 пайыз, өнеркәсіптік кәсіпорындарға – 20 пайыз).

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп:

- бюджет заңнамасына көктемгі егіс және жинау жұмыстарын жүргізу үшін кемінде 12 ай мерзімге бюджеттен кредиттерді ұсыну шараларын енгізу (ағымдағы мерзіммен салыстырғанда 4 айға ұзарту);

- қаржы институттарының кредиторлармен шарттарына бюджет көздерінен қарызды мынадай график бойынша төлеу жөніндегі талаптарды енгізу: 31 желтоқсанға дейін – 30%, 1 наурызға дейін – 30%, 1 мамырға дейін – 40%;

- жабдық пен техниканы сатып алуды тездету үшін Ғылымды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша 267 ББ-дан 269 ББ шеңберінде көзделген қаржыны біріктіру (жарғылық капиталды ұлғайту).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 02.02.2018 жылғы №118 бұйрығына, мынадай:

- жойылған бұзушылықтар туралы қорытынды алынған салықтық тексеру актілері бойынша қайтадан тексерместен, салық төлеушіге ҚҚС қосымша өтеу;

- анықталған бұзушылықтарды немесе камералық бақылаудың ауытқушылықтарын белгіленген мерзімде міндетті түрде түзете отырып, «Өнім жеткізушілер бойынша пирамида» талдамалық есебінің деңгейін 1-ші деңгеймен шектеу;

- қайтаруға ұсынылған қосылған құнға артық салық сомасын растау мақсатында астық өңдеу кәсіпорындарын Тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидасының 9-тармағынан алып тастау;

- ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін азайту жағына қарай салықтық жүктеменің коэффициентін қайта қарау бөліктерінде өзгерістер енгізуді қарастыру мәселелерін пысықтасын.

3. 254 «Су ресурстарын тиімді басқару» бағдарламасының 101 «Су берумен және олардың техникалық жай-күйіне мониторингпен байланысты

емес трансшекаралық және республикалық су шаруашылығы объектілерін пайдалану» кіші бағдарламасы бойынша, сондай-ақ табиғатты қорғау су тастауларын өткізу үшін өңірлерді экологиялық жағынан жақсарту мақсатында 102 «Табиғатты қорғау су тастауларын өткізу» кіші бағдарламасы бойынша қосымша қаржыландыру мүмкіндігін қарастырсын.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді қаржыландыру тетіктерін реттеу, ауыл шаруашылығы жұмыстарының қайсыбір түрлеріне субсидия бөлу талаптарын орнықтыру, аграрлық кредиттерді бөлу талаптарын жақсарту бойынша пәрменді шаралар қабылдасын. Практикаға тауар өндірушілерді қаржыларды бөлудің талаптарының алдағы өзгерістері туралы ертерек хабардар ету туралы ендірсін.

2. Бөлінетін соманың шегін көрсете отырып, ауыл шаруашылығының белгілі бір және нақты шараларын субсидиялауға жергілікті бюджеттерден міндетті түрде қаражат бөлу туралы мәселені Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына шығарсын.

3. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге арналған субсидиялар бойынша кредиттік берешектің жинақталуын болдырмау жөніндегі пәрменді шараларды қабылдасын. Бюрократиялық кедергілерсіз салынған инвестициялардың бөлігін өтеудің автоматтандырылған жүйесін ендірсін. Қаражат жетпеген жағдайда – «күту-парағы» түріндегі бағдарламаны ретке келтірсін.

4. Орамжапырақ күйесін Аса қауіпті зиянды ағзалардың тізбесіне енгізу үшін фитосанитариялық тәуекелдерге талдау жасасын, жедел ден қою жүйесін жолға салу қажет.

5. Мыналарды:

- шикі сүттің сипаттамаларын анықтауға арналған зертханалық жабдықты сатып алуға, зауыттардағы қабылдау бөлімшелері мен зертханаларды реконструкциялауға арналған қолдаудың қолданыстағы шараларын (*инновациялық өнімдер жасауға және сүтті терең қайта өңдеуге арналған жабдықты сатып алуға 50%- га дейінгі инвестсубсидиялар*) қайта қарау;

- Асыл тұқымды мал шаруашылығын субсидиялау қағидаларына (ет комбинаттарында жобалық қуаты тәулігіне 1500 мал басына арналған меншікті жабдығының болуы қажет деген өлшемшартты тәулігіне 400-ге дейінгі мал басына арналған меншікті жабдығының болуы қажет деп өзгерту) өзгерістер енгізу мүмкіндіктерін қарастырсын.

6. Облыс әкімдіктерімен бірлесіп ғылыми кенттерді құру мен дамыту, оны – «Нұрлы жер», «Еңбек» агроөнеркәсіптік кешенін дамыту мемлекеттік бағдарламаларын және «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасын іске асыру шеңберінде іске асыру мүмкіндігін қарастырсын.

7. Биотехнология мен молекулярлық генетика жетістіктеріне негізделген өсімдік шаруашылығында генофондты, селекцияны және тұқым

шаруашылығын сақтауға және мал шаруашылығында селекцияны дамуға бағытталған 2021 – 2023 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бағдарламасы әзірленсін және енгізілсін.

8. ҚазҰАУ мен С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ-дың Даму бағдарламаларын бекіту бойынша ҚР Үкімінің қаулысын келісу және қабылдау рәсімін жеделдетілсін және оларға ҒЗИ мен ТӨШ бере отырып зерттеу университеттерінің мәртебесі берілсін.

9. Ғалымдардың еңбегін ынталандыру және егу материалының сапасын арттыру мақсатында роялти жүйесін кеңінен қолдану қамтамасыз етілсін.

10. Мынадай:

- сатып алу нормаларын қолданбастан, өнімділігі жоғары тұқымдарды субсидиялау бөлігінде Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша;
- ЕАЭО кеден шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық және карантиндік-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру бөлігінде «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша;
- мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде фото және бейнетүсірілім үшін техникалық құралдар пайдалану, жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік ветеринариялық ұйым құруы, ветеринариялық анықтама беру жөніндегі қызметті сот тәртібімен тоқтата тұру бөлігінде «Ветеринария туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша;
- ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді астықты форвардтық сатып алу арқылы қолжетімді қаржыландырумен қамтамасыз ету бойынша;
- мемлекеттік шекара бойындағы ветеринариялық бақылау бекеттерін кадрлармен және материалдық жағынан жабдықтау бойынша;
- жүргізіп отырған ветеринариялық іс-шараларға байланысты ветеринар дәрігерге нормативтік жүктеме әзірлеу және бекіту бойынша мәселелерді қарастырсын.

11. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен бірге тоқсан сайын сүт өндірісінің дайындаушы ұйымдары бойынша ҚҚС қайтару мәселесін пысықтасын.

12. Мынадай:

- ет өңдеуші кәсіпорындарға малды сою кезіндегі салмақпен өткізген кезде қаражаттың бір бөлігін қайтару бөлігінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді субсидиялау ережелеріне өзгерістер енгізу;
- ет өңдейтін кәсіпорындарға мал өткізген кезде 1 бастан 1000 басқа дейін мал басын субсидиялау, осы мәселе бойынша мүдделі тараптар мен тауар өндірушілердің қатысуымен талқылау жүргізу;
- малды аулада союға заңнамалық тыйым салу;
- Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді субсидиялау

қағидаларына ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің тұрақты штатында субсидиялаудың бағыттарына байланысты мамандардың (мал шаруашылығында – зоотехниктер, ветеринарлар, омарташылар және т.б.; өсімдік шаруашылығында – агроном-ғалым; тұқым шаруашылығы маманы – селекционер және т.б.) болу міндеттілігі бөлігінде өзгерістер енгізу;

- қазақстандық ет өнімінің халықаралық беделін арттыру мақсатында бірыңғай қазақстандық ет брендин құру мәселелерін пысықтасын.

13. Мынадай:

- мал сою алаңдары мен мал сою пункттерін АБЖ және СЖ жүйесіне интеграциялау бойынша;

- Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне ветеринариялық инспекторлардың мал сою алаңдарын тексеруді жүзеге асыруы және жұмыс істемейтін мал сою алаңдарына қатысты шаралар қабылдауы (есепке алу нөмірлерінен алып тастау) бөлігінде өзгерістер енгізу бойынша;

- аумақты жергілікті жердің қазіргі жай-күйіне сәйкес келетін арнайы ауыл шаруашылығы карталарымен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдасын.

14. Лицензияланған сауданы және селекциялық жетістіктерді пайдаланғаны үшін роялти жинау жүйесін дамыту мақсатында заңнамаға селекционерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған өзгерістер енгізу, сондай-ақ Қазақстанның Өсімдіктердің жаңа сұрыптарын қорғау жөніндегі халықаралық одаққа – UPOV кіру мәселелерін пысықтасын;

15. «Атамекен» ҰКП алаңында ҚР АШМ мен бизнес-қауымдастықтың мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру, сервистер көрсететін қызметтерінің бағасы, жаңа сервистерді әзірлеу және ендіру бойынша бастамаларын, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған сервистердің қызметіндегі проблемалық мәселелерді алдын ала талқылауды практикаға ендірсін.

16. Мыналармен:

- Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігімен бірлесіп Қазақстанның картоп және көкөніс өндірушілері одағының ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің картоп сақтайтын қоймаларды теңгерімді және мақсатты түрде салуы бойынша инвестициялық бағдарламаны әзірлеу, ескі қоймаларды реконструкциялау, әрбір облыс орталығында, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында КБО ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстарын қарасын;

- Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен бірлесіп, ауыл тұрғындарына арналған мамандандырылған аграрлық телеарна мен журналды ұйымдастыру және шығару мүмкіндігін қарастырсын.

17. Мақта саласындағы заңнамаға осы саладағы әкімшілік кедергілерді азайту және салаға инвестициялар тарту үшін жағдай жасау нысанында талдау жасасын.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі:

1. Мынадай:

- ет өңдеу кәсіпорындарына арналған мамандарды даярлау (қасапшы, сіңірден ажыратушы, өңдеуші және т.б.);
- дуальды оқытуға қатысатын жұмыс берушілерді ынталандыру (мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен жұмыс берушілердің студенттерді даярлауға жұмсаған шығыстарын өтеу);
- тәлімгердің жұмысына ақы төлеу;
- Дуальды оқыту қағидаларына өндірістік практика кезеңіне үшжақты шарттарды: студент – колледж (а/ш бейіні бойынша) – кәсіпорын (а/ш ұйымы) жасасу бөлігінде өзгерістер енгізу;
- магистр дәрежесі бар колледж ұстаздарына қосымша ақы, үстемеақы төлеу;
- агроколледж түлектері үшін мамандығы бойынша ауылдық жерде міндетті жұмысын өтеу;
- «Болашақ» бағдарламасы бойынша жыл сайын кемінде 300 маман даярлап, ауыл шаруашылығы үшін мамандар даярлау мәселелерін пысықтасын.

2. Мыналармен:

- «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ-мен бірлесіп ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы ғылыми жұмыскерлер қатарынан шетелдік тағылымдамадан өту үшін жаңа санатты енгізу бойынша;
- ҚР АШМ-мен бірлесіп АӨК субъектілерін субсидиялаудың мемлекеттік бағдарламаларына колледждердің оқу шаруашылықтарының қатысу мүмкіндігі туралы (ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу, ЖЖМ, гербицидтер, тұқым және тағы басқалары);
- жергілікті атқарушы органдармен өңірлік мамандануға байланысты колледждерді оңтайландыру және бюджет қаражатын қалған колледждер бойынша қайта бөлу, колледждерді материалдық-техникалық жабдықтаудың үлгілік жобаларын жасау туралы;
- ҚМ, ҰЭМ-мен және АШМ-мен Вагенинген (Нидерланды Корольдігі), Шығыс Финляндия, UC Davis (АҚШ) және AgroParisTech (Франция) университеттерімен басым аграрлық мамандықтар бойынша екі дипломды білім беру негізінде кадрларды мақсатты дайындау бөлігінде үкіметаралық келісімдерді орындау бойынша қаржы ресурстарын бөлуді көздеу мәселелері қарастырсын.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі:

Мынадай:

- Сатып алудың, тексерудің, бақылау тексерісінің, алдын алудың және жалған өнімдерді (сары май, спредтер, маргаринді, майонезді) сөрелерден шұғыл алып қоюдың және сауда желілері мен базарлардың сатушылары мен әкімшіліктері арасындағы жауапкершіліктің аражігін ажыратудың пәрменді

тетігін әзірлеу бойынша, сондай-ақ ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар және көрсетілетін қызметтердің сапасына және қауіпсіздігіне бақылау жасау комитетінің өкілеттігін кеңейту бойынша және дайын өнімдер сапасын тексеруге және жалған тауарларды анықтауға қаржы бөлуді ұлғайту бойынша;

- цистерналарда тікелей тамаққа пайдалануға арналған және тағамның құрауыштары мен ингредиенттері ретіндегі тағам өнімдерін (тазартылуға ұшырамаған) тасымалдауға тыйым салу жөнінде шаралар қабылдасын.

Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі:

1. Мындай:

- ішкі нарықты осы тауарлармен толтыру жөніндегі жағдайларды жасау арқылы сыртқы нарыққа сапалы және қауіпсіз отандық өнімдерді өткізуге жәрдемдесетін 2021-2025 ж.ж. арналған Мемлекеттік сауда бағдарламасының тұжырымдамасын әзірлеу;

- сауданың, әсіресе бөлшек сауданың үстеме бағасын реттеу мәселесін пысықтасын (*қазіргі кезде әлеуметтік маңызы бар тауарлардың 19 түрі бойынша үстеме бағаға шектеу қолданылады (15 пайыз). Осы норманы әкімшілдендіру бойынша және жосықсыз сауда желілеріне қатысты әкімшілік шаралар қабылдау бөлігінде ӘҚТК-ға қажетті өзгерістер енгізу проблемалар бар*);

- сақтандыру қорғанысын қамтамасыз ете отырып экспорттық операцияларды қаржыландыру кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау тетігін енгізу;

- ұсынылған шаралардың тиімділігін арттыру мақсатында экспорттық келісімшарттар саны мен көлемдерінің ұлғайюы бөлігінде техникалық тапсырмаларды қайта қарау арқылы субсидия және жеңілдіктер түрінде қолдау алатын бизнестің қарсы міндеттемесін көздеу;

- ұсынылатын шаралардың тиімділігін арттыру мақсатында субсидиялар мен жеңілдіктер түріндегі қолдауды алатын бизнеске экспорттық келісімшарттардың саны мен көлемдерін ұлғайту бөлігінде техникалық тапсырмаларды қайта қарау жолымен қарсы міндеттемелер қарастыру;

- Қазақстан кәсіпорындарына қайтарымсыз негізде компанияның экспорттық мәселелерде қарқынды дамуына, әлсіз және күшті жағынан терең талдауды, экспорттық бағалау және экспортқа шыққанға дейін толықтай қолдауды алуына мүмкіндік беретін, кәсіпорынның экспорттық кемелденуін жетілдіру бойынша акселерация бағдарламасын іске асыру;

- экспорттық мүддесі бар елдердегі сауда өкілдіктері желісі арқылы отандық өнімдерді кеңінен таныту;

- ішкі сауданы экспортқа шығарылатын отандық тауарларға бағдарлау мақсатында қазақстандық тауар өндірушілерге сөрелердің 30%-ын ұсыну бойынша қарсы міндеттемелерді белгілей отырып, сыртқы нарықтардағы сауда желілеріне шығу кезінде жалға алудың шығыстарын субсидиялауды

көздеу;

- экспорттаушылардан кассалық алшақтықтарды алып тастау мақсатында Кәсіпкерлік кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

- сауда алаңдарындағы жалға алушыларға сауда желілері мен базарлардың белгілеген айыппұлдарына шектеу енгізу мәселелерін пысықтасын.

2. ҚР мүдделеріне нұқсан келтіруді біржақты қолдау әрекеттерінің жолын кесуге мүмкіндік беретін, ЕЭК-да мемлекеттік мүдделердің қорғалуына талдау жасасын және оның пәрменді тетігін әзірлесін.

3. Мынадай:

- тауар өндірушілер мен сауда желілері арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты, тікелей сауданың үстеме бағасын ендіру және сервис деңгейі мен сапасын есепке алу арқылы сауда желілері арасындағы бәсекелестікті қамтамасыз ету;

- тауар өндірушілердің Еуразиялық тауар биржасына шығуын ынталандыру;

- шартта көрсетілген ашық үстеме бағадан басқа, сауда желілерінің ретробонустары мен басқа да кірістерінің толықтай күшін жою;

- электроэнергия бойынша делдалдарды болдырмау, лицензиясы бар тағамды қайта өңдейтін кәсіпорындардың электроэнергияны көтерме бағамен сатып алуына қолжетімділікті ашу жөнінде шараларды қабылдасын.

4. Мыналар:

- дәл сондай қарсы шаралар туралы шешімдерді қабылдау рәсімдерін, сондай-ақ тағам өнімдерін экспорттау рәсімдерін (Doing Business 2020: Қазақстан - 233 б.; орта есеппен ЭЫДҰ елдері үшін- 15 б.) оңайлату;

- экспортталатын өнімдерге өткізудің әлеуетті нарығы, стандарттар және оларға қойылатын талаптар туралы қолжетімді ақпараттармен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдасын.

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі:

1. Мына мәселелер:

- гидротехникалық және су шаруашылығы құрылыстарының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін пайдалану мен техникалық қызмет көрсету құнын өтей отырып, қолданыстағы тариф саясатын қайта қарау және өзгерту бойынша мәселелерді пысықтасын, олар:

- су шаруашылығында тариф белгілеудің бірыңғай тәсілін белгілеу;

- күрделі шығындардың бірқатар құрамдауыштарын (оның ішінде негізгі құралдардың қымбаттауына әкеп соқтырмайтын жөндеу жұмыстарына бағытталған шығындарды қоса алғанда) өтеу және олардың шығыстарын гидротехникалық және су шаруашылығы құрылыстарының баланстық құнының 1,5%-ына дейін жеткізу;

- ХҚҰ сыйақысын және комиссиясын төлеу кезінде тұрақталған теңге бағамын ескере отырып, оларды өтеу шығындарының көлемдерін есепке алу;

- техникалық ысыраптарды (құрылыстардың тозуы) өтеуге арналған шығындардың мөлшерін арттыру;

- суды механикаландырылған тәсілмен беру тарифін төмендету арқылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге судың өздігінен ағып келу тәсілі бойынша тарифті ұлғайту;

- гидротехникалық құрылыстарды пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету кезіндегі материалдардың шығыс нормалары мен материалдардың авариялық қор нормалары бойынша шығындар мөлшерін есепке алу;

- Каспий теңізіндегі балық аулау кәсібін дамытуды қамти отырып, балық шаруашылығын дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламалық құжат жобасын әзірлеу;

- салалық реттеуші функциясын Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитетіне беру;

- ЖАО балансындағы су шаруашылығы объектілерін қаржыландыру және күтіп ұстау тетігі бөлігінде «Қазсушар» РМК-ның заңдық мәртебесін өзгерту арқылы іске асырылсын.

2. ЖСҚ әзірлеуді қаржыландыру және су шаруашылығы объектілерін жобалау сапасын арттыру бойынша шаралар кешенін қабылдасын, атап айтқанда:

- республикалық бюджеттен стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы объектілерін реконструкциялау мен жөндеуге арналған жобалау-зерттеу жұмыстарын қаржыландырудың құқықтық негізін жасасын;

- су шаруашылығы объектілерін жобалау тәсілдеріне өзгерістер енгізісін, сондай-ақ су шаруашылығы объектілеріне инженерлік-зерттеулер жүргізу және жобалау мерзімдері мен нормалары жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттамаларға толықтырулар енгізісін;

- ЖСҚ әзірлеуге ведомстволық бақылау енгізісін;

- объектілерге қандай да бір технологияларды енгізу кезінде сол арнаның пайдалану сипаттамасына сүйене отырып, жеке тәсіл пайдаланылсын.

3. Барлық гидротехникалық құрылыстар мен ирригациялық жүйелердің жай-күйіне талдау жасасын және оларды реконструкциялау, жөндеу және т.б. бойынша жол картасын әзірлесін, сондай-ақ министрліктің стратегиялық жоспар шеңберінде гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі саласындағы проблемалық мәселелерді қарасын.

4. ҚР ҰЭМ бірлесіп Аумақтарды дамыту бағдарламасына немесе «Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасына су шаруашылығы объектілері мен суару

жүйелерінің жұмыс істеу жағдайын жақсарту шараларын енгізу мүмкіндігін қарастырсын.

5. «Су метрология» филиалының базасында су шаруашылығы объектілерін жобалауға маманданатын ведомстволық жобалау институтын құру мүмкіндігін қарастырсын.

6. ҚР АШМ-мен суармалы жерлерді дамыту бағдарламасын іске асыру мәселелері бойынша өзара іс-қимылды күшейтсін.

7. Жер кодексіне және «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңға бұрын босалқы жерлерге ауыстырылған ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерін қайтару мәселелерін реттеу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қарастырсын.

Жергілікті атқарушы органдар:

- ауыл шаруашылығына арналған жерлердің мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылау, пайдаланылмайтын жерлерді алып қою, жерді ғарыштық мониторингтеуді белсенді қолдану бойынша пәрменді шаралар қабылдасын;

- ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қызметін субсидиялау үшін оларды қажетті қаражат көлемімен толыққанды қамтамасыз ету тетіктерін әзірлесін. Жергілікті бюджеттен шағын фермерлік, шаруа және жеке қосалқы шаруашылық жұмысын субсидиялауға арналған қаражат бөлу мүмкіндігін пысықтасын;

- ҚР АШМ құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп, халыққа ветеринариялық қызмет көрсетудің нақты жүйесін жолға қойсын;

- қолдан ұрықтандыру, мал қорымы (биотермиялық шұңқыр) пункттерін салуды ұйымдастыруға қаражат бөлу және оларды ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес күтіп-ұстауды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдасын;

- нысаналы қаржыландыру, ветеринарлық қызмет көрсету және кадрлармен және техникамен қамтамасыз ету түрінде ынталандырудың нақты шараларын қабылдай отырып, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін, жеке қосалқы шаруашылықтарды кооперациялаудың пәрменді тетіктерін әзірлесін;

- АӨК субъектілерін ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында инновациялық тәжірибені тарату және ендіру бойынша іс-шаралар жүргізуге облыстық бюджеттерден жыл сайын қаржы бөлу, сондай-ақ өңір экономикасының мұқтаждықтары үшін кадрларды арнайы даярлау мәселесін мониторингтеу және реттеу жөніндегі тұрақты жұмыс жасайтын комиссияларда қарау мәселелері қарастырылсын.